

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 7 ақпандағы № 26-ө өкімі

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) белгіленген тәртіппен тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және тізбеде белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынылған ақпаратты жинақтасын және құқықтық актілер қабылданған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 7 ақпандағы
№ 26-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

					Құқықтық актілердің сапасына,
--	--	--	--	--	-------------------------------

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган, ұйым	Орындау мерзімі	уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	"Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасын ың аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасын ың аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысына толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІМ, ҰҚК (келісу бойынша), АХҚО (келісу бойынша)	2020 жылғы шілде	М.Ш.Қожаев, М.С. Өсіпов, Қ.М. Әйтекенов
2.	"Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасын да уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы	ІМ	2020 жылғы шілде	М. Ш. Қожаев
3.	"Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасын а келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі міндетін атқарушысының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірлескен бұйрығы	СІМ, ІМ	2020 жылғы шілде	Ш. Ш. Нұрышев, М. Ш. Қожаев

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АХҚО - "Астана" халықаралық қаржы орталығы

СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі